

**«Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
Кеген филиалы**

Филиал туралы мәлімет

«Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Кеген филиалының тарихы:

1. Халық депутаттарының Алматы облыстық Советі атқару комитетінің 20.05.1986 жылғы № 11-172 шешімінің және Халық депутаттарының Кеген аудандық Советі атқару комитетінің Кеген аудандарының мекемелері, ұйымдары, кәсіпорындарының құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында 20 мамыр 1981 жылы Кеген ауылында Алматы облыстық мұрағатының филиалы ашылды.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің 23.05.1997 жылғы № 3528 Жарлығының негізінде Кеген ауданы таратылып Райымбек ауданы құрылды. «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Кеген филиалының атауы «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Райымбек филиалы болып өзгертілген.

3. «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 14.05.2018 жылғы № Б-95 бұйрығының негізінде «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Райымбек филиалының атауы «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Кеген филиалы болып өзгертілген.

4. «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 06.01.2023 жылғы № 02-Б бұйрығының негізінде «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Райымбек филиалы құрылды. Осы бұйрықтың негізінде Кеген филиалынан 70 қор бойынша 12311 сақтау бірлігі Райымбек филиалына тапсырылды.

5. Филиалдың штат саны – 8.

6. Филиал қызметінің мәні мен мақсаттары: заңмен белгіленген тәртіпте ұлттық құндылық ретінде танылып, Алматы облысының Кеген ауданында орналасқан және филиалдың жинақтау көздеріне жататын мекемелердің, ұйымдардың, барлық меншік түрлеріндегі кәсіпорындардың іс-әрекетінде қалыптасқан айрықша тарихи, ғылыми, әлеуметтік және мәдени маңызы бар құжаттарды сақтау мен пайдалану болып табылады.

Филиал қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорын толықтыру, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктерін қанағаттандыру, азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерін жүзеге асыруға бағытталған жұмыстар кешенін жүргізу.

Филиал мақсатқа қол жеткізу үшін мынандай қызмет түрлерін жүзеге асырады: Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры құжаттарын және басқа архивтік құжаттарды белгіленген тәртіпте сақтауға алуға іріктеу және қабылдау; архивтік құжаттарды жинақтау; филиалда сақтауда жатқан құжаттардың мемлекеттік есебін жүргізу; сақтауға алынған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету; сақтауда жатқан құжаттардың іс жүзінде пайдалануын ұйымдастыру; жеке және заңды тұлғалардан түскен әлеуметтік-құқықтық, тақырыптық сұраныстарды орындау; белгіленген тәртіпте «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметін көрсету; құжаттарды сақтаудың оңтайлы жағдайын жасау және олардың физикалық сақталуын қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды жүргізу; Филиалдың жинақтау көздері - мекемелердің іс жүргізушілік, архивтік және сараптамалық қызметіне әдістемелік көмек көрсету; архив құжаттарындағы ақпаратты анықтау және құжаттарды басып шығару, көрме ұйымдастыру, теледидар мүмкіндіктері арқылы архив құжаттарындағы ақпараттарды пайдалану.

7. Қор және құжаттар саны:

2024 жылдың 01 қаңтарындағы мәліметке сәйкес филиалда – 119 қордың 33808 сақтау бірліктерінің сақталуын және пайдалануын қамтамасыз етіледі.

Филиалға өткен құжаттардың ішінде Кеген ауданының ауылдық атқару кеңесінің, аудан әкімі аппаратының, селолық, ауылдық округтер әкімі аппараттарының, жұмыспен қамту орталығының, колхоз, совхоздардың, аудандық аурухананың және т.б. мекемелердің құжаттары бар.

Филиалда Көлбастау колхозының партия комитетінің хатшысы дербес зейнеткер Қ. Әдбікерімовтің, Кеген ауданының Құрметті азаматы Совет Оразаевтың құжаттары сақталында.

8. Жинақтау көздерінің саны - 35

Филиал ғимараты 2013 жылы салынған.

Филиалдың мекен жайы: «Алматы облысының мәдениет, архивтер

және құжаттама басқармасы» мемлекеттік
мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік
архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
Кеген филиалы
Р. Мамбетұлы көшесі, 4,
Кеген ауылы,
Кеген ауданы,
Алматы облысы,
Индекс: 041400,
Телефон: 8 (72777) 2-19-89
E-mail: kegen_arhiv@mail.ru

Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау уақыты:

Күнделікті: дүйсенбі – жұма күндері

08:00-ден 17:30-ға дейін

Түскі үзіліс: 12:30-дан 14:00-ге дейін

Демалыс күндері: сенбі - жексенбі